

## Қазақстан Республикасының салық құқығы курсы бойынша емтихан сұрақтары

1. Салықтың анықтамасы, элементтері және оған тән белгілерінің мазмұнын ашып беріңіз.
2. Салық құқығы оқу пәні мен ғылым саласы ретінде алатын орны.
3. Салық құқықтық қатынастарының түсінігі және олардың элементтері мен мазмұнының атаныз.
4. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының қолданылуы. ҚР салық салу принциптерінің мазмұны.
5. Салықтық міндеттеменің мазмұнын ашыңыз: түсінігі, пәні, нысаны.
6. Салықтық міндеттемені атқару уақытының, орнының және тәсілдерінің құқықтық ерекшелігінің сипаттаныз.
7. Салықтық реттеудің бағыттыу, бағдарларыу, тиімділігіу, теориялық негіздеріу атап беріңіз.
8. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ерекшелігі. Салық құқығының заң жүйесінде алатын орны.
9. Салық жеңілдіктерін кімдер пайдалана алады атаныз.
10. Салық төлеушінің құқықтары. Салық төлеушінің міндеттері
11. Біріңғай жер салығының құқықтық ерекшелігінің атап беріңіз: салық элементтері, сипаттамасы.
12. Жекелеген жағдайларда төлеушіні айқындау. Салық салу объектісі
13. Көлік құралдарына салынатын салықтың мазмұнын ашып беріңіз: салық элементтері, сипаттамасы.
14. Салық төлеушілер. Салық салу объектілері
15. Мемлекеттік баждың мазмұнын ашып беріңіз: баж алу объектілері, құқықтық негіздері, баж алатын органдар, бажды төлеу тәртібі.
16. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына салық салу: салық салу объектісі, табыстарын есепке алу, ставкасын белгілеу, төлеу мерзімдері декларация тапсыру мерзімі.
17. Салықтық жеңілдіктерінің мазмұнын ашыңыз: түсінігі, ерекшеліктері, топтары, оларды белгілеу негіздері мен проблемалары.
18. Салықтық жоспарлау – салықтық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде түсінігі мен маңызын ашып көрсетіңіз.
19. Жеке табыс салығы кімге салынады және оған жалпы сипаттама беріңіз.
20. Жеке табыс салығы бойынша декларация. Декларацияны табыс ету мерзімдері. Салық төлемінің расталмауы
21. Кедендік баждар мен өзге де міндетті кедендік төлемдер: элементтері, сипаттамасы, белгілену және алыну ерекшеліктері.
22. Мемлекеттің салықтық қызметін жүзеге асырушы мемлекеттік өкілетті

органдар және олардың қызметінің құқықтық нысандарын сипаттаныз.

23. Заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтарының құқықтық сипаттамасын беріңіз: салық элементтері, сипаттамасы.
24. Тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді белгілеу тәртібі
25. Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтарның ерекшелігін атап көрсетіңіз: салық элементтері, сипаттамасы.
26. Зейнетақы төлемдері. Стипендиялар салық сомасын есептеу.
27. Салық салу саласындағы басқару – салық құқығының жалпы бөлімінің институты ретіндегі құқықтық ерекшелігінің сипаттамасы: түсінігі, маңызы.
28. Әлеуметтік салықтар қандай жағдайда алынады және оған жалпы сипаттама беріңіздер
29. Жекеше нотариустар мен адвокаттардың табысы.
30. Салық салу саласындағы ескіру мерзімі және салықтар бойынша берешектерді өтеу тәртібінің мазмұнын ашып беріңіз.
31. Салықтық өтінішті табыс ету тәртібі.
32. Шетелдік заңды және жеке тұлғаларға салық салудың ерекшеліктері және құқықтық негіздерінің мазмұнын ашып беріңіз.
33. Инвестициялық салық преференциялары.
34. Жер салығы кімнен алынады және оған жалпы сипаттама беріңіздер
35. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салынатын базалық салық ставкалары
36. Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының мазмұнын ашып беріңіз: оның салық салу элементтері және сипаттамасы.
37. Мемлекеттік баждың соттардағы ставкалары.
38. Жеке тұлғалардан жеке алынатын табыс салығының ерекшеліктерін атаңыз: оның салық салу элементтері және сипаттамасы. Камералдық бақылау мазмұны, жүргізудің тәртібі мен мерзімі
39. Салық салу шенберінде мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекшеліктерін сипаттамыңыз. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары
40. Салық заңдарың бұзған үшін қаржылық-құқықтық жауапкершіліктің ерекшелігін көрсетіңіз.
41. Уәкілетті органға шағым берудің тәртібі.
42. Салық салу шенберінде бұзушылық үшін әкімшілік және құлмыстық жауаптылықтың құқықтық мазмұнын беріңіз.
43. Шағым жасау құқығы. Шағым жасау тәртібі
44. Салықтық құқық бұзушылық үшін заңи жауапкершілік: түсінігі, түрлері, құқықтық негіздері, жауапкершілікке тартылатын тұлғалар мен органдар,

жауапкершілік шаралары.

45. Салық төлеушілерді есепке қоюдың ерекшелігі.
46. Салық органдарында есепке қою және есептен шығару тәртібінің мазмұнына атап көрсетініз.
47. Жергілікті деңгейде алынатын алымдар мен төлемдер: түрлері, ставкалары мен төлеу тәртібін белгілеу ерекшеліктері, құқықтық негіздерін атап берініз.
48. [Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимі](#)нің мазмұнына ашыңыз.
49. Арнаулы салық режимін қолдану ерекшеліктері. Салық салу объектісі
50. [Аукциондардан алынатын алым](#)дың мазмұнына ашыңыз. Алым алу объектісі. Есептеу мен төлеу тәртібі.
51. [Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы](#)ның ерекшелігін сипаттаңыз. Төлемақы төлеушілер. Салық салу объектісі. Есептеу мен төлеу тәртібі.
52. [Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы](#)ның құқықтық ерекшелігін атаңыз. Төлемақы төлеушілер. Салық салу объектісі. Есептеу мен төлеу тәртібі
53. [Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы](#)ның мазмұнына ашыңыз. Төлемақы төлеушілер. Салық салу объектісі. Есептеу мен төлеу тәртібі
54. [Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы](#)ның ерекшелігін атаңыз. Төлемақы төлеушілер. Төлемақы ставкалары. Есептеу мен төлеу тәртібі
55. Салық әкімшілігін жүргізудің мазмұнына ашып берініз.
56. Салықтық бақылау. Салық құпиясы. Салықтық зерттеу.
57. Дара кәсіпкер, жекеше нотариус, адвокат ретінде тіркеу есебіне қою. Дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, адвокаттың тіркеу деректерін өзгерту. Дара кәсіпкер, жекеше нотариус, адвокат ретінде тіркеу есебінен шығару
58. Мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері.
59. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мерзімінде төленбеген сомасына өсімпұл
60. Салықтық тексерулер жүргізудің мерзімі. Кезектен тыс құжаттық тексерулерді жүргізудің ерекшеліктері.
61. Салықтық тексеру туралы хабарландыру. Салықтық тексеру жүргізуге негіз
62. [Сыртқы \(көрнекі\) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы](#)ның салудың мазмұнына ашыңыз.

### Есептер

1. Тәжірибелік сұрақ: «Ару» ЖШС-і Қытайдан матаны Қырғыз Республикасына

әкеліп әртүрлі киімдер тігеді. Ал ол тауарларды Қазақстанға әкеліп сатады. Аталған мысалда салық қызметтің құқықтық нысандары орын алады ма?

Салық қызметтің құқықтық нысандары дегеніміз не?

2. Тәжірибелік сұрақ: Аудан әкімінің шешімімен аудан бюджетіне өзгерістер енгізілді. Бұл шешім бюджетке түсетін кіріс деңгейінің төмендеуімен түсіндірілді. Аудан әкімінің шешімі заңды ма? Өз жауабыңды нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасап негізде.

3. Тәжірибелік сұрақ: «Инвест Табыс» Серіктестігі Қазақстанда өндірілмейтін құрал жабдықтарды инвестициялық жоба аясында кедендік жеңілдікпен, яғни баж төлемей ҚР-на әкелді. Салық қатынастары орын алған ба? Салық элементтері қандай?

4. Тәжірибелік сұрақ: Аудан әкімінің шешімімен ауылшаруашылық өндірісті қолдау мақсатында бюджеттен тыс қаржылық қор қалыптастырылды. Қор жергілікті бюджетке түскен салықтық қаржыдан қалыптастырылды. Аудан әкімінің шешімі заңды ма?

5. Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына салынатын салықтың түрлеріне Шаруа Фермер Қожалығына салынатын салық жатама. Оның орындалуы мен ерекшеліктері.

6. Тәжірибелік сұрақ: Кәсіпкер Д. Қазақстан Республикасына ірі мөлшерде электр құралдарын әкеліп, ол туралы тек екі ай өткен соң кеден органына мәлімдеді. Бұл жерде құқық бұзушылық орын алған ба? Орын алған болса, қандай түрі?

7. Тәжірибелік сұрақ: Азамат 12 мың АҚШ долларын кеден шекарасы арқылы алып өтпек болды. Аталған жағдайда қандай құқық бұзушылық орын алды?

8. Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларына салынатын салықтың түрлеріне мүлік салығы жатама. Оның орындалуы мен ерекшеліктері.

9. Тәжірибелік сұрақ: Облыстық бюджет қаражатын толтыру мақсатында облыс әкімі, облыс аумағынан жүретін көліктерге қосымша ақы тағайындады. Облыс әкімінің әрекеті заңды ма?

10. Тәжірибелік сұрақ: Азамат П. Кеден шекарасы арқылы құны 130000 теңгелік зергерлік бұйымдар алып өтпекші болды, оған қарсы Кеден органы контрабанда үшін қылмыстық іс қозғады.

Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба? Салық құқықтық қатынастардың субъектілерін ата.

11. Тәжірибелік сұрақ: Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларды жеке кәсіпкер толық кедендік рәсімдеу аяқталмай жатып саудаға шығара бастады. УСҚ-ғы тауарлармен қандай операциялар жасауға болады. Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба?

12. Тәжірибелік сұрақ: Интеллектуалдық меншік объектісін азамат өзі автор болғандықтан уәкілетті органның келісімінсіз кеден шекарасынан сыртқа шығармақ болды, оның бұл әрекетін кеден органы заңсыз деп танып іс қозғады. Бұл жерде құқық бұзушылық орын алған ба? Орын алған болса, қандай түрі?

13. Тәжірибелік сұрақ: Азамат Түрік Республикасынан Қазақстанға жеке мақсатта деп 5 қап темекі, 4 коньяк, 10 түрлі арақ алып келді. Оған қатысты кеден органдары кеден заңнамсын бұзғандығы үшін әкімшілік іс қозғады. Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба? Салық кодексінде бекітілген акциз тізбесін атаныз.

14. Тәжірибелік сұрақ: Азамат Д. Кеден органына тауарларды кедендік ресімдеу үшін қазақ тілінде өтініш берді. Алайда оған кедендік ресімдеу бағдарламасының орыс тілінде екендігін айтып, одан өтінішті орыс тілінде беруін өтінді. Аталған жағдайда салық және кеден органдарының қызметтерінің өзара іс қимылдарының орын алу реті ата?

15. Тәжірибелік сұрақ: Мұнай экспорттаушы компания экспорттық рента салығын мұнайдың Қазақстан Республикасындағы нарықтық бағамы негізінде есептеп толтырды. Аталған жағдайда мұнайға арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығын атаныз?

16. Тәжірибелік сұрақ: Азамат Т. Кеден брокері лицензиясын алу үшін кеден органына жүгінді, оған кеден органы кеден брокері лицензиясын алу үшін 5 мың еуро алым төлеу керек екендігін айтып өтінішін қабылдамады. Аталған жағдайда салықтық құқықтық қатынастар орын алған ба? Салықтар мен алымдарды атаныз.

17. Тәжірибелік сұрақ: Тауарлардың кедендік құны анықтау кезінде азамат Б. тауардың құнына оның сақтандыру құны енгізілуіне қарсылық білдірді. Оның әрекеті дұрыс па? Аталған мысалда қосылған құн салығынан босатылған айналымдар және импортты атаныз.

18. Тәжірибелік сұрақ: Азамат М. АҚШ-тан автокөлік алып келіп оны 5 айдан кейін тауарлардың еркін айналысы кедендік рәсіміне орналастыру үшін кеден органына жүгінді. Аталған жағдайда мемлекет тарпынан салықтық бақылау орын алады ма? Салықтық бақылаудың объектілер қандай?

19. Тәжірибелік сұрақ: Азамат Б. Жеке пайдалануға деп шет елден 15 құты виски, 2000 дана темекі өнімін және 20 кг-ға жуық азық-түлік алып келді. Аталған жағдайда мемлекет тарпынан салық ставкасын анықта?

20. Тәжірибелік сұрақ: Азамат С. 2010 жылдан бастап 2 топ мүгедек тобында, сол себептен жерге және жылжымайтын мүлікке салынатын салықты төлемеген. Алайда салық органдарынан салық пен айыппұл келген. Істі шешініз.

